

Бибігүл Байжанова

Агрономия, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы бойынша ғылыми зерттеулер жасап, білікті маман даярлауға үлес қосып жүрген педагогтардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Бибігүл Байжанова.

Бибігүл Қуанышбекқызы 97 ғылыми-әдістемелік мақала мен 2 оқу құралы, 3 әдістемелік жинақтың авторы. Сонымен қатар, «Scopus», «Web of Science» базасына енген журналдарда кафедра ғалымдарымен бірлескен 2 мақаласы жарық көрді.

Ол 1992 жылдан бастап Ы.Жахаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіптік инженерлер институтының «Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасында оқытушы қызметін атқарды. Ал, 1996 жылдан бері Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде аға оқытушы, қауымдастырылған профессор, 2014-2015 жылдар аралығында «Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Педагог университетте «Агрономия», «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» – бакалавр, «Агрономия» – докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кафедра ғалымдарымен бірлесіп жұмыс жасады.

Бибігүл Қуанышбекқызының шәкірттері еліміздің білім беру саласы мен ғылыми зерттеу институттарында табысты еңбек етуде. Ол осы кезеңге дейін 7 магистр дайындады, қазіргі уақытта 1 магистрантқа жетекшілік жасайды.

Педагог білімді ұрпақ тәрбиелеуге және ғылым саласына қосқан үлесі үшін облыстық, республикалық алғыс хаттармен марапатталған.

Бибігүл Қуанышбекқызына Қазақстан Республикасы «BILIM-ORKENIETI» Ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының «Үздік Ұстаз» төсбелгісі, Қызылорда облыстық білім басқармасының «Алғыс хаты» және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Құрмет грамотасы», «Үздік оқытушы» төс белгісі табысталған.